



**«АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ  
№ 2 ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ» КММ  
АҚПАРАТТЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
БӨЛІМІ**

**«Жарты ғасырдан асқан –  
жаңғыру жолындағы  
кітапхана»**

**(библиографиялық көрсеткіш)**



**Арқалық қаласы, 2026 ж.**



*«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

**«Жарты ғасырдан асқан – жаңғыру  
жолындағы кітапхана»**

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми  
кітапханасының құрылғанына 55 жыл

*(библиографиялық көрсеткіш)*

ӘОЖ 025(574.45-25)  
КБЖ 78.3(5 Қаз-4Арқ)  
Ж 51

**Құрастырушы:** Ж.К.Туякбаева  
**Шығарылымға жауапты:** С.А.Алматова  
**Мұқабаны безендірген:** Ж.К.Туякбаева  
**Редактор:** Ж.К.Абжанова

«Жарты ғасырдан асқан – жаңғыру жолындағы кітапхана» [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының құрылғанына 55 жыл толуына орай әзірленген] Библиографиялық көрсеткіш /Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы, ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі [құраст.: Ж.К. Туякбаева; шығарылымға жауапты: С.А. Алматова; ред.: Ж.К. Абжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 50 б. : Сурет. – қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының құрылғанына 55 жылдығына арналған библиографиялық көрсеткіш дайындады. Көрсеткіште кітапхананың қалыптасу жылдарынан бастап бүгінгі жаңғыру кезеңіне дейінгі негізгі деректер, басылымдар, құжаттар мен материалдар жүйеленіп берілді.

ӘОЖ 025(574.45-25)  
КБЖ 78.3(5 Қаз-4Арқ)  
Ж 51  
© Ж.К.Туякбаева

### ***Құрастырушыдан***

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының құрылғанына 55 жыл «Жарты ғасырдан асқан – жаңғыру жолындағы кітапхана» атты библиографиялық көрсеткішті оқырман назарына ұсынып отыр.

Көрсеткіште кітапхананың қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін, ақпараттық-библиографиялық қызметінің эволюциясын және қазіргі заман талаптарына сай жаңғыру үрдістерін ғылыми-практикалық тұрғыда жүйелейді.

Библиографиялық көрсеткіш студенттерге, кітапхана қызметкерлеріне, жазушының еңбектерімен тереңірек танысқысы келетін әдебиет сүйер қауымға арналады.

## Уақытпен бірге жанарған рухани орда

Кітапхана ғасырдан ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан, шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің, байлық пен біліктіліктің киелі ордасы. Адамға рухани байлық сыйлап, ғылым мен білімнің терең сырынан сусындатар мәдени орын – кітапхана.

Тереңнен бастау алатын, абырой-беделі жоғары, кітап қоры бай, білім мен парасат ордасы болып саналатын кітапханалардың

бірі – Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының іргетасының қаланғанына биыл 55 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде кітапхана қала және аймақтағы білім-ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда.

Біздің кітапхананың тарихы Торғай облысының орталығы болған Арқалық қаласының тарихымен тығыз байланысты. Арқалық қаласының іргетасы ресми түрде 1956 жылы мамыр айында қаланды. Бұрын ешқандай ел болмаған жапан далада қала салынуына осы өлкеде қанатты қазынаның мол қоры ашылуы себеп болды. Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығына сәйкес 1970 жылғы 23 қарашада орталығы Арқалық қаласы болып, Торғай облысы құрылды. Осыған орай Қазақ КСР-ің Министрлар кеңесінің 1970 жылғы 30 желтоқсан күнгі қаулысымен Торғай облыстық мәдениет басқармасында Торғай облыстық және облыстық балалар кітапханасының құрылуына рұқсат берілді.

Кітапхана құрылуының басты мақсаты – Торғай облысы аймағындағы тұрғын халықты кітаппен қамтамасыз ету. Өзінің қызметінде кітапхана Қаз. КСР мәдениет министрлігінің Торғай облыстық мәдениет басқармасының бұйрықтары мен нұсқауларын және кітапхана туралы бекітілген Ережені басшылыққа алып жұмыс жасай бастады.

Сонымен, 1971 жылғы 27 қаңтар күні облыстық кітапхана ашылды. Әуелі облыстық кітапхана Маясова көшесіндегі № 29 үйдің 2-бөлмелі пәтеріне орналасты. Алғашқы екі жылында кітапхана оқырмандарға қызмет көрсеткен жоқ: кітапхана қоры жинақталды, каталогтар мен картотекалар құрылды, бастапқы кезге тән жұмыстар атқарылды. Негізінен кітап қорын Целиноград және Қостанай облыстық кітапханаларынан түскен кітаптар құрады.

Облыстағы аудандық және ауылдық кітапханаларға әдістемелік көмек көрсету жұмысы кітапхана ашылғаннан жүргізіле бастады. 1973 жылдың басында кітап қоры 17313 дана болып есептелінді. 1973 жылы 1 қарашадан бастап кітапханадағы абонемент бөлімі оқырмандарға қызмет көрсетіп, жыл аяғында 400 оқырман берді. Осылайша кітапхананың алғашқы сандық көрсеткіштері де басталып кетті.

Кітапхана қызметкерлері туралы айта кетер болсақ, 1971 жылғы



18 наурыздағы қаулысымен Арқалық қаласы Бүкілодақтық екпіндік комсомолдық құрылыс болып жарияланды. Сондықтан, жан-жақтан жиналған жас кітапхана мамандары кітапханаға орналаса бастады.

Облыстық кітапхананың алғашқы директоры Ленинград қаласындағы мәдениет институтының түлегі Александра Ивановна Шишкалова болды.

1972-1975 жылдары Ирина Генриховна Анохина, 1975-1992 жылдары Зинаида Иннокентьевна Мурзина кітапхананы басқарды.

Облыстық кітапханамен қатар, 1971 жылы 28 қаңтар күні облыстық балалар кітапханасы ашылды. Ол балалар мен жасөспірімдерге қызмет көрсететін мәдени-ағартушы, ақпараттық, тәрбие беруші мекеме саналды. Бұл кітапхана Ленин (қазіргі Абай) даңғылындағы № 78 үйдің I-ші қабатына орналасты.

Арқалық қаласы тез қарқынмен дамыды. 1975 жылы облыстық кітапхананың оқу залы жұмысқа кірісті. Қаланың, кітапхананың жағдайы жақсарды. 1976 жылы Октябрдің 60 жылдығы (қазіргі Ш. Жәнібек) көшесіндегі № 77-үйдің I-қабатынан облыстық кітапханаға қосымша 326 шаршы метр орын бөлінді.

Қала көркейіп, тұрғындар көбейді. Торғай облыстық халық депутаттары Кеңесінің № 19/448 шешіміне сәйкес 1979 жылғы 19 қазан күні Торғай облыстық жасөспірімдер кітапханасы ашылды.

Мұнда 14-21 жас аралығындағы жасөспірімдерге қызмет көрсетілді. Торғай облыстық жасөспірімдер кітапханасын құрылғаннан таралғанына дейін Ирма Ивановна Шпехт жетекшілік етті.

Республикалық мемлекеттік кітапхананың 1974-1980 жылдарға арналған орталықтандырылған кітапхана жүйесіне көшу жоспарына сәйкес Торғай облысында 1976-1980 жылдар аралығында аудандық көпшілік кітапханаларда орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне көшу ісі қолға алынды. Кітапхана жүйесінде басшылыққа және бақылауға дұрыс бағыт берілді, нормативтік құжаттар пайда болды.

Республиканың халық шаруашылығындағы табыстары, экономиканың әрі қарай дамуы, халқымыздың материалдық әл-ауқатының, жалпы білім және мәдени деңгейінің артуы қалың жұртшылық арасында кітаппен жұмыс істеуді біршама жақсартты. 1981 жылы Қазір КСР-ің барлық облыстық кітапханалары облыстық әмбебап – ғылыми кітапханалары атты жаңа мәртебені иеленді. Әмбебап ғылыми кітапханалар ғылым мен техника жетістіктерін, өндірістік озық тәжірибелерді тарататын, дәлірек айтқанда республикадағы кітапханатану және библиография саласындағы әдістемелік, ұйымдастырушылық орталыққа айналды. Торғай облыстық кітапхананың Торғай облыстық әмбебап ғылыми кітапханаға ауыстырылғаны туралы нақты деректер сақталмапты, бірақ әдістемелік нұсқауға жүгінсек, бұл атаудың 1981 жылы берілгенін аңғарамыз.

Жаңарған өлкедегі жас қала 1970-1988 жылдары экономикасы мен мәдениеті қатар дамыған, әуелі баста 15 мың тұрғыны, негізінен бір-екі қабатты қаладан 70 мыңға тарта тұрғыны, бірнеше мөлтек ауданы бар, осы заманғы көрікті елді мекен кейіпіне енді.

Тұрғын халыққа кітапханалық қызмет көрсету үшін 9 филиалы бар қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі, сонымен қатар облыстық әмбебап-ғылыми, ғылыми-техникалық, жасөспірімдер және балалар, облыстық көзі көрмейтін және нашар еститін азаматтарға арналған кітапханалар іске қосылды. Қаладағы барлық кітапхананың кітап қоры 471 мың дананы құрады.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1988 жылғы 2 маусым күні Торғай облысы жабылды. Қазақ КСР мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1988 жылғы 24 маусымдағы № 170 бұйрығына сәйкес Торғай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің орталық кітапханасы болып құрылды.

Осы бұйрыққа сәйкес Торғай облыстық жасөспірімдер кітапханасы Арқалық қалалық жасөспірімдер кітапханасы, ал Торғай облыстық балалар кітапханасы Арқалық орталық кітапханасының бір бөлімі болып қалды. Орталық қалалық кітапхана Арқалық қаласының тұрғындарына қызмет көрсетіп, Арқалық, Аманкелді, Жанкелдин, Октябрь аудандарының кітапханаларымен байланыс жасап, оларға әдістемелік көмек көрсетіп отырды. Қазақ КСР-ің Жоғарғы Кеңесі Төралқасының № 31-9-ХІІ Жарлығымен 1990 жылғы 17 тамыз күні Торғай облысы бұрынғы көлемінде қайтадан қалпына келді.

Торғай облыстық мәдениет жөніндегі комитеттің № 117 бұйрығына сәйкес 1990 жылғы 25 қазанда Арқалық қалалық орталық кітапхана Торғай облыстық әмбебап-ғылыми кітапхана мәртебесін алды. Сонымен қатар, Торғай облыстық балалар кітапханасы, Торғай облыстық жасөспірімдер кітапханасы және басқа кітапханалар өз мәртебелеріне қол жеткізді. 1991 жылдың басында облыс тұрғындарына 305 мемлекеттік кітапхана қызмет көрсетті. 1991 жыл ішінде тұрғындар санының азаюынан, кітапхана үйлерінің болмауынан облыстың 5 ауылдық кітапханасы жабылды. Облыста 1993 жылдың басында 291 кітапхана, оның ішінде 1 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, 1 облыстық жасөспірімдер, 1 облыстық балалар, 10 аудандық орталық, 1 қалалық, 11 орталық балалар, 265 кітапхана филиалдары есепте тұрды.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын оңтайлы ету жөніндегі шаралар туралы» 1997 жылғы 22 сәуірдегі № 3466 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Торғай облысы таратылды.

ҚР Президентінің Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Торғай облыстық мәдениет басқармасының «Облыстық мәдениет мекемелерін тарату туралы» № 28 бұйрығына сәйкес 1997 жылы 29 сәуір күні № 2 Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы құрылды.

Сонымен, Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы 4 кітапхананың басын біріктірді. Олар:

- облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы;
- облыстық балалар кітапханасы;
- облыстық жасөспірімдер кітапханасы;
- облыстық көзі көрмейтін және нашар еститін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы.



### **Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ұжымы 2000 жыл**

Кітапхана директорлығына Ирма Ивановна Шпехт тағайындалды.

Кітапханалар біріктірілгенімен олардың мекенжайы орындарында қала берді. Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Ш. Жәнібек көшесіндегі № 77 үйдің I-ші қабатынан, № 2 ОӘҒК-ың жасөспірімдерге қызмет көрсету бөлімі болып құрылған облыстық жасөспірімдер кітапханасы Ш. Жәнібек көшесіндегі № 107 үйдің I-ші қабатынан, балалар әдебиеті бөлімі болып құрылған облыстық балалар кітапханасы Абай даңғылындағы № 78 үйдің I-ші қабатынан орын тепті.

1997 жылғы облыстық жасөспірімдер кітапханасының штат кестесі:

- директор
- кітапты өңдеу және толықтыру бөлімі
- қызмет көрсету бөлімі
- әдістемелік-библиографиялық бөлім
- материалды-техникалық қамсыздандыру қызметі

Кітапханалар біріктірілсе де, олардың мекен-жайы орындарында қала берді. Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Ш. Жәнібек көшесіндегі 77-ші үйдің 1-ші қабатында, № 2 ОӘҒК-ң жасөспірімдерге қызмет көрсету бөлімі болып құрылған облыстық жасөспірімдер кітапханасы Ш. Жәнібек көшесіндегі 107 үйдің 1-ші қабатында, балалар әдебиеті бөлімі болып құрылған облыстық балалар кітапханасы Абай даңғылындағы 78 үйдің 1-ші қабатында қала берді.

2001 жылы кітапханаға Абай даңғылындағы 62 үйде орналасқан ғимараттан жаңа мекенжай берілді. Осы жылдың мамыр, маусым айларында жоғарыдағы 2-қабатқа облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы және жасөспірімдер бөлімі көшірілді.

2003 жылдың басында осы ғимараттың 1-қабаты берілді, оған балалар бөлімі көшіп келді.

2011 жылдың 1 тамызынан бастап Нұрманова Алма Жақсылыққызы, 2016 жылдың желтоқсанынан бастап Борибаева Қазына Байсабекқызы кітапхана директоры қызметін атқарып келді.



### **Кітапхана ұжымы 2022 жыл**

#### **Бүгінгі күнгі кітапхана құрылымы:**

- балаларға қызмет көрсету бөлімі
- қызмет көрсету бөлімі
- оқу залы
- өнер туралы әдебиеттер секторы
- кітапты өңдеу және толықтыру секторы
- негізгі кітап сақтау бөлімі
- ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі
- техникалық қызмет көрсету және бағдарламалық қамтамасыз ету секторы;
- оқырмандарды тіркеу және есепке алу секторы

2023 жылдың қараша айынан бастап, осы уақытқа дейін Алматова Сәуле Ахметқызы басшылық қызметін атқаруда. Кітапхана өз дәстүрлерін сақтай келе, «уақытпен оза келетін» даму сатысында өмір сүруде.

№ 2 ОӘҒК-ның 280 мыңнан астам данадан жинақталған бай кітап қорымен, 15 мыңнан астам оқырман санымен, 350 мыңнан астам кітап берілім көлемімен 2026 жылға аяқ басты. Жыл сайын кітап қоры 2 мың данадан астам жаңа әдебиеттермен, 102-ден астам атаулы мерзімді басылымдармен толықтырылып отырады.

«Рухани қазына» бағыты бойынша ұлттық құндылықтарды дәріптейтін жобалар жүзеге асырылуда.

Кітапханамыздың қызметкерлері түрлі деңгейдегі кәсіби байқауларға белсене қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізді. Атап айтсақ, 2024 жылдың қазан айында өткен «Үздік жас кітапханашы – 2024» облыстық байқауына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Жақия Гүлназ Көшімбекқызы қатысып, 1 орынды иеленді. 2025 жылдың маусым айында оқу залы бөлімінің кітапханашысы Әмірхан Гүлзат Арманқызы – ақын, жазушы, қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған «Үздік әдістемелік құрал» атты облыстық кәсіби байқауға қатысып, жүлделі 3 орынға ие болды.



### Кітапхана ұжымы 2026 жыл

#### Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасын басқарған басшылары

1.	Шишкалова Александра Ивановна	27.01.1971-13.09.1971.
2.	Пацула Лидия Семеновна м.а.	13.09.1971-12.04.1972.
3.	Анохина Ирина Генриховна	12.04.1972-27.11.1975.
4.	Мурзина Зинаида Иннокентьевна	27.11.1975-22.01.1992.
5.	Арғынғазина Қаламқас Сапаровна	23.01.1992-14.09.1997.
6.	Байкөбен Рая Шегетаевна м.а.	01.03.1994-12.03.1996.
7.	Шпехт Ирма Ивановна	15.09.1997-30.06.2011.
8.	Нұрманова Алма Жақсылыққызы	04.07.2011.-20.12.2016.
9.	Борибаева Казына Байсабекқызы	20.12.2016.- 27.10.2023
10	Алматова Сәуле Ахметқызы	01.02. 2024 жылдан бастап басқарып келеді.

#### 2000 – 2025 жылдар аралығында кітапхана қорына келіп түскен әдебиеттер

(Кітапхана қорына жылма-жыл түскен кітап көрсеткіш сандары)

№	Жылы	Барлығы	Соның ішінде қазақша
1	2000	280738	36769
2	2001	281972	37893
3	2002	282077	38673
4	2003	280591	39363
5	2004	281875	41039
6	2005	283283	41991
7	2006	284205	42297
8	2007	285050	43110
9	2008	284762	44518

10	2009	284766	46079
11	2010	282875	47477
12	2011	279768	48400
13	2012	278976	50120
14	2013	279470	52126
15	2014	278595	53309
16	2015	278882	54833
17	2016	279563	56040
18	2017	280048	56686
19	2018	280426	57729
20	2019	280881	58672
21	2020	282060	59209
22	2021	283037	59686
23	2022	282125	59793
24	2023	282823	60406
25	2024	278745	60593
26	2025	279715	61412

### **Кітапхана құрылымы**



**Алматова Сәуле Ахметқызы**

Кітапхана басшысы

Арқалық педагогикалық институты;

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 24 жыл 3 ай

Жоғарғы санатты

Жетістіктері: Қост.обл.мәдениет басқармасы басшысының «Грамотасы» 2015;

Арқалық қаласы білім бөлімінің «Грамотасы» 2017;

Арқалық қаласы әкімінің «Құрмет грамотасы» 2021;

Қостанай обл.мәдениет басқ. «Алғыс хат» 2022;

Қостанай обл.әкімінің «Құрмет грамотасы» 2024;

Қостанай обл. мәдениет басқармасы басш. «Алғыс хат» 2024;

«ОқыЖәнеЖең» онлайн кітап оқу байқауын өткізуге белсенді қолдау көрсеткені үшін Қостанай обл.әкімінен «Алғыс хат» 2025;

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры К.Сейтовадан «СЕРТИФИКАТ» 2025 ж.



### **Смагулова Жанар Кудайбергеновна**

Кітапхана басшысының орынбасары  
Арқалық қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 2 жыл

Санаты: санатсыз

Жетістіктері: 24 қазан – Кітапханашылар күні  
«Алғыс хат» 2024;

ҚР Ұлттық кітапханасының директорынан  
«Алғыс хат» 2025;

Қостанай обл. әкімінен «Алғыс хат» 2025.

### **Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі**



Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі әдістемелік орталық ретінде кітапханалық қызметті ұйымдастырушы, біріктіруші және жетекшісі болып саналады. Аймақ кітапхана қызметкерлерінің біліктіліктерін көтеруге, әдістемелік көмек көрсетуге, барлық пайдаланушыларға ақпараттық библиографиялық және анықтамалық қызмет көрсетеді.

Бөлімде 3 қызметкер жұмыс істейді.



### **Абжанова Жұлдыз Қасымбекқызы Әдіскер**

Арқалық педагогикалық институты;  
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 14 жыл 7 ай

Санаты – 1

Жетістіктері: Арқалық қаласының білім бөлімінің «Грамотасы» 2017;

Арқалық қаласы білім бөлімінің «Грамотасы» 2022; Арқалық қаласы әкімінің «Құрмет грамотасы» 2023.



**Туякбаева Жаңагүл Қойшықызы**  
**Библиограф**

Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 1 жыл 5 ай

Санаты: санатсыз

Жетістіктері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысқаны үшін ҚР Ұлттық кітапханасының директорынан «СЕРТИФИКАТ» 2025.



**Оқу залы бөлімі**

Оқу залы кітапхана құрылғаннан бастап оқырмандарға қызмет көрсетеді. Оқу залы жылына түрлі тақырыптарда 40-тан аса көпшілік іс-шаралар өткізіліп тұрады. Өткізілген түрлі іс-шараларға қаламыздың әкімшілігінен, мәдениет қызметкерлерінен, Еңбек ардагерлерінен, зиялы қауым өкілдерін шақырылды. Бөлімде 4 қызметкер жұмыс істейді.



**Кенжегулова Айсұлу Нағашыбаевна**

**Бөлім меңгерушісі**

Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 10 жыл 5 ай

Санаты: санатсыз



**Айтбаев Еркінғазы Жұмағазыұлы**

Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 3 жыл 10 ай

Санаты: санатсыз

Жетістіктері: «ОқыЖәнеЖең» онлайн кітап оқу

байқауын өткізуге белсенді атсалысқаны үшін

Қостанай обл. әкімінен «Алғыс хат» 2025;

Л.Н. Толстой атындағы ҚОӘҒК-ның басшысы

С. Безаубековадан «Алғыс хат» 2025.



### Әмірхан Гүлзат Арманқызы

Еуразия ұлттық университеті. АркПИ КЕГЖ. бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 3 жыл 2 ай

Санаты: санатсыз

Жетістіктері:

Қостанай обл. әкімінің орынбасарынан «Алғыс хат» 2024;

ҚР Ұлттық кітапханасы «Диплом» 2025;

ҚР Мәдениет және ақпарат министр.  
«Сертификат» 2025.



### Қызмет көрсету бөлімі

Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ішіндегі ең көлемді бөлім – қызмет көрсету бөлімі.

Қызмет көрсету бөлімі – жұмысы қызу бөлім. Бөлімінің кітап қоры – 70 мың 594 соның ішінде қазақ тіліндегі кітап қоры - 26 мың 748. Оқырмандар назарына барлық білім салаларын қамтитын әдебиеттер, анықтамалар, әлемдік көркем әдебиет мұралары – антикалықтан қазіргі заманға дейінгі шығармалар, фантастика,

детектив, қазақ, орыс, шетел классиктерінің, шығармалары ұсынылған.

Тақырыптық көрмелер, кітап топтамалары, жаңа әдебиеттермен, жылдың мерейгер жазушыларымен таныстырады. Бөлімде 4 қызметкер жұмыс істейді.



### Карбозова Гүлбану Кенжегалиевна

Бөлім меңгерушісі

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 7 жыл 9 ай

Санаты – 1

Жетістіктері:

Арқалық қаласы әкімінің «Құрмет грамотасы» 2024 ;

Қостанай обл.әкімдігінің мәдениет басқармасы басшысынан «Грамота» 2024;



**Воронова Ирина Юрьевна**

Арқалық қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы институтының филология факультетін бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 32 жыл 4 ай

Жоғары санатты кітапханашы

Жетістіктері: Грамота акима г. Арқалыка 2016;

Қазақстанның құрметті кітапханашысы төсбелгісі 2021;

Қазақстанның салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің құрмет грамотасы

2022.



**Төлеуов Ернар**

Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі –1 жыл 4 ай

Санаты: санатсыз



**Ербосын Қарақас Ерханқызы**

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі –10 ай

Санаты: санатсыз

### **Кітап сақтау бөлімі**



Негізгі кітап сақтау бөлімі баспаларды ұзақ және тұрақты түрде сақтай алады, олардың саны бүгінгі күні 280 000 мыңды құрайды, оларға кітаптар мен мерзімді басылымдар жатады. Хронологиялық қамту: ХІХ-ХХІ ғғ.кітап сақтау бөлімі Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының бөлім құрылымы болып табылады. Торғай аймағының мәдени және ақпарат мұраларын қалай сақтасақ кітап қоры да солай сақталады. Бөлімде 2 қызметкер жұмыс істейді.



### **Горбачева Нонна Рафаиловна Бөлім меңгерушісі**

Қостанай мәдени-ағарту оқу орны 1991.Челябі мемлекеттік мәдениет және өнер академиясын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 34 жыл 10 ай

Жоғары санатты кітапханашы

От профсоюзы Министра культуры и спорта РК 2018;

Медаль Кітапхана ісінің үздігі 2019 ;

Медаль Қазақстанның құрметті кітапханашысы 2022 ;

Қостанай обл. әкімінің «Құрмет грамотасы» 2025 ж

### **Балалар әдебиеті бөлімі**



Балалар әдебиеті бөлімі – балалардың оқуға тәрбиелейтін орта. Кітапханадан балалар тіршілігіне қажетті рухани қазынаның бәрін табуға болады. Бай құралдар арсеналын, жұмыс түрлері мен тәсілдерін қолдана отырып, кітапхана балаланың шығармашылық дамуына көмектеседі. Бөлімде 6 қызметкер жұмыс істейді.



### **Есмагамбетова Сандуғаш Казбековна**

#### **Бөлім меңгерушісі**

Ақтөбе мәдени-ағарту училищесі 1991.  
Орталық Азия университетін бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 34 жыл 5 ай

Санаты – жоғары

Жетістіктері: Арқалық қаласы әкімінің  
«Грамотасы» 2014 ;

ҚР Премьер Министрінің «Алғыс хаты»  
2015;

«Кітапхана шебері» төсбелгі 2019 ;

«Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгі 2022 ;

Арқалық қаласы әкімінен «Алғыс хат» 2023 ;

Қостанай обл. әкімінің «Құрмет грамотасы» 2023 ,

«Диплом» КГУ «ОДЮБ им. И. Алтынсарина» управления культуры акимата  
Костанайской области. Участника областного фестиваля "ЭСТАФЕТА  
ДОБРОТЫ 2024 ;

ОУНБ № г. Арқалык, отдел детской литературы 2024;

«Диплом» КГУ «ОДЮБ им. И. Алтынсарина» управления культуры акимата  
Костанайской области. Участника областного фестиваля «ЭСТАФЕТА  
ДОБРОТЫ» ОУНБ № г. Арқалык, отдел детской литературы 2025.



### **Сейтхожина Гүлнар Кенжегазиновна**

Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 15 лет 4 мес

Жоғары санатты кітапханашы

Жетістіктері: Арқалық қаласы әкімінен  
«Алғыс хат» 2016;

Қостанай обл. мәдениет басқармасы  
басшысының «Грамотасы» 2020;

Медаль "Қазақстанның құрметті  
кітапханашысы" 2021;

"Қазақстандық салалық  
мәдениет, спорт, туризм және ақпарат

қызметкерлерінің кәсіптік одағы" қоғамдық бірлестігінің құрмет грамотасы  
2022.



**Кошанова Айгүл Султановна**

Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 24 жыл 7 ай

Жоғары санатты кітапханашы

Жетістіктері: Арқалық қаласы білім бөлімінің «Грамотасы» 2017;

ҚР Ұлттық кітапхансының «Құрмет грамотасы» 2024.



**Абылова Айгуль Сапарғалиевна**

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжін бітірген.

Білімі – арнаулы орта

Еңбек өтілі – 4 жыл 11 ай

Санаты: санатсыз




**Абдуллина Кулпара Малдыбаевна**

Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 3 жыл 2 ай

Санаты: санатсыз



**Аханова Гүлмира Тұрсыновна**

Еуразия ұлттық университетін бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 6 жыл 5 ай

Екінші санаттағы кітапханашы

Жетістіктері: "Алғыс хат" упр.культуры акимата  
Кост. Обл. 2024 г.




### **Қабдыбек Елзада Бағдатқызы**

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетін бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 2 жыл 3 ай

Санаты: санатсыз



### **Қуанышбек Жібек Нұрғалиқызы**

Қостанай гуманитарлық колледжін (кітапх.) бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 1 жыл 6 ай

Санаты: санатсыз



### **Өнер секторы**

Өнер секторы 2001 жылдан бастап оқырмандарға қызмет көрсетеді. Өнер бөлімі – сиқырлы саз бен әсемдік әлемі. Өнер туралы әдебиеттер бөлімінде мәдениет пен өнердің сан алуан салалары бойынша әр түрлі ақпарат тасығыштарда: қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптардың, ноталардың, күйтабақтардың, аудио және бейнематериалдардың, сондай – ақ газеттер мен журналдардың аса бай қоры жинақталған. Бөлімде 2 қызметкер жұмыс істейді.



**Сейтмагамбетова Сымбат Азаматовна  
Өнер секторының меңгерушісінің  
міндетін атқарушы**

Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 3 жыл 10 ай

Санаты: екінші санаттағы кітапханашы

Жетістіктері: «Үндестік» жобасы аясында ата-аналар арасында М. Шахановтың 80 жылдығына орай көркем сөз байқауына

қатысқаны үшін Арқалық қ. білім бөлімінен «Мадақтама» 2023;

«АМАНАТ» партиясы Қост. обл. филиалы «Жастар» саясатын дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Алғыс хат» 2024;

Қостанай обл. әкімінен «Алғыс хат» 2025;

Л.Н.Толстой атындағы ҚОӘФК басшысынан «Сертификат» 2025;

Роза Бердіғалиеваның туғанына 80 жыл толуына арналған «Үздік жас кітапханашы – 2025» республикалық байқауына қатысқаны үшін ҚР Ұлттық кітапханасының директорынан «Сертификат» 2025;

Роза Бердіғалиеваның туғанына 80 жыл толуына арналған «Үздік жас кітапханашы – 2025» республикалық байқауына қатысқаны үшін Л.Н. Толстой атындағы ҚОӘФК басшысы С.Безаубековадан «Сертификат» 2025;

Қостанай обл.әкімдігінің мәдениет басқармасы ММ басшысынан «Грамота» 2025.



**Сейлханова Гүлжаухар Диханқызы**

Қаз. Ұлттық университетін бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 1 жыл 9 ай

Санаты: санатсыз

Жетістіктері: «AI + Кітапхана = жаңа көкжиектер» атты шеберлік сыныбына қатысқаны үшін ҚР Ұлттық академиялық кітапхана басш. Н.Н. Жолдыбалиновтан «СЕРТИФИКАТ» 2025.

## Әдебиеттерді толықтыру және өңдеу секторы



Әдебиеттерді толықтыру және өңдеу секторы кітапхана қорын отандық және шет елдік басылымдармен толықтыруды іске асырды, кітапханадағы құжаттарды каталогтау және жіктеп өңдеу қызметін жүзеге асырады; кітап сақтау бөлімінің, толықтыру мен өңдеудің құрылымы болып табылады. Бөлімде 2 қызметкер жұмыс істейді.



### **Торгаева Асель Туяковна** **Толықтыру және өңдеу секторының** **менгерушісі**

Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 20 жыл 7 ай

Жоғары санатты кітапханашы

Жетістіктері: Арқалық қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Грамотасы» 2013 ;

Благодарственное письмо акима г.

Арқалық, 2018; Медаль

ҚР Ұлттық кітапханасының «Грамотасы» 2019;

«Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгі 2019;

Қазақстанның "Құрметті кітапханашысы" 2021;

«Құрмет грамотасы» от профсоюзы Министра культуры и спорта РК 2024;

Арқалық қаласы әкімінің «Құрмет грамотасы» 2025.



### **Жумағалиева Меруерт Газезовна**

Қостанай гуманитарлық институтын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 1 жыл 2 ай

Санаты: санатсыз

## Ақпараттық-сервистік қызмет көрсету және бағдарламалық қамтамасыз ету секторы



Ақпараттық-сервистік қызмет көрсету және бағдарламалық қамтамасыз ету секторы – кітапханада ақпараттық-библиографиялық процестерді автоматтандыру саласында, ұйымдастырушылық, консультациялық және практикалық жұмыс орындайды құрылымдық бөлімшесі. Бөлімде 2 қызметкер жұмыс істейді.



### **Грибовский Роман Анатольевич** **Бөлім меңгерушісі**

Арқалық педагогикалық институты; 2008.  
Челябі мемлекеттік мәдениет және өнер академиясын бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 16 жыл 10 ай

Жоғары санатты кітапханашы

Жетістіктері: Грамота акима г. Арқалыка 2019;

Қост.обл. әкімдігінің мәдениет басқармасы басш. «Грамотасы» 2025;

«AI + Кітапхана = жаңа көкжиектер» атты шеберлік сыныбына қатысқаны үшін ҚР Ұлттық академиялық кітапхана басш. Н.Н. Жолдыбалиновтан «СЕРТИФИКАТ» 2025.



### **Алмат Индира Еліпбайқызы**

Қостанай гуманитарлық колледжін (кітапх.) бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 7 жыл 2 ай

Екінші санатты кітапханашы



## **Оқырмандарды тіркеу, бақылау және есепке алу секторы**

Тұтынушыларға қызмет көрсету бойынша кітапхана жұмысының статистикалық есебін толық және дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету. – потенциалды тұтынушыны «Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың қызметін пайдалану ережесі» – мен таныстыру; – тұтынушылар туралы мәліметтерді тіркеу, оны электронды мәліметтер базасына енгізу, оқырман билетін беру, жыл сайынғы қайта тіркеу; – кітапхананың ұсынатын қызметтері жайлы, өткізілетін іс-шаралары, жұмыс жасау мерзімі туралы ақпараттандыру; – тұтынушылардың және іс-шаралар қатысушыларының кіріс-шығысын бақылау, жалпыкітапханалық статистиканы жүргізу. Бөлімде 2 қызметкер жұмыс істейді.



### **Байтенова Эльмира Мухитовна Тіркеу секторының меңгерушісі**

Арқалық педагогикалық институты;  
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін бітірген.

Білімі – жоғары

Еңбек өтілі – 8 жыл 1 ай

Бірінші санатты кітапханашы

Жетістіктері: Қостанай обл. мәдениет басқармасы басш. «Алғыс хат» 2024 ;

Арқалық қаласы әкімінің «Құрмет грамотасы» 2024 ж.



### **Нурғалиева Дүйсенгул Токанаевна**

Қостанай гуманитарлық колледжі (кітапх.) бітірген.

Білімі – арнаулы орта

Еңбек өтілі – 2 жыл 9 ай

Санаты: санатсыз

## «Еңбек еткен, жетістікке жеткен еңбек ардагерлері»



**Амирова Асипа** – 1938 жылы туған. Қостанайдан 1959 жылы кітапханашылар курсы бітірген. 1961-1968 жылдарға дейін Аманкелді аудандық кітапханасында оқу зал меңгерушісі, кітапхана меңгерушісі болып қызмет етті.

1968-1979 жылдары Елтай ауылдық кітапхана меңгерушісі, 1970-1998 жылдары Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде еңбек етіп, зейнеткерлік демалысқа шықты.



**Шпехт Ирма Ивановна** – Кітапхана ісінің ардагері, білімі жоғары. 1950 жылы туған. Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық институтының түлегі. 1979-1997 жылдары жасөспірімдер кітапханасының директоры, 1997-2011 жылдары облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапхана директоры қызметін атқарды. Кітапхана ісін дамыту және жетілдірудегі еңбегі лайықты бағаланып «Еңбек ардагері» медалімен (1989), 2001 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» мерекелік медалімен, «Жыл адамы–2006», «Кітапхана ісінің ардагері» төсбелгісімен,


облыстық, қалалық грамоталарымен марапатталған.



**Есембаева Клариса Орынтаевна** – 1950 жылы туған. Қарағанды мәдени-ағарту училищесінің түлегі. 1974-1997 жылдары облыстық балалар кітапханасында, 1997 жылдан облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде қызмет етті. Кітапхана жұмысын дамыту ісіндегі жемісті еңбегі үшін 2009 жылы Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының басшысының грамотасымен марапатталған.




**Ғаппасова Әлия Кадыровна** – 1951 жылы туған, білімі жоғары. Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының кітапхана факультетін бітірген. 1980-1990 жылдары Аманкелді аудандық орталықтандырылған кітапханада бөлім меңгерушісі болды. 1997 жылдан облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде қызмет етті. 2009 жылы Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының басшысының грамотасымен марапатталған.



**Бермағамбетова Гүлнар Ибрагимовна** – 1956 жылы туған, білімі жоғары. Қарағанды облысының Ақтау селосында туған. Кітапхана саласындағы еңбек өтілі 22 жыл. 1984 жылы Ақтөбе қаласындағы Мәдени ағарту училищесінің «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітірген. 2004 жылы Алматы қаласындағы Орталық Азия Университетіне түсіп, 2007 жылы аяқтаған. Кітапхананың балалар әдебиеті бөлімінде еңбек етіп, 2014 жылдан Құрметті демалысқа шықты. Кітапхана жұмысын дамыту ісіндегі жемісті

еңбегі үшін Арқалық қаласының әкімі грамотасымен марапатталды.



**Сакенова Тансұлу Турбековна** – 1957 жылы туған, білімі жоғары. Арқалық қаласындағы Б. Алтынсарин атындағы педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. 1980 жылдан облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде еңбек етті. Кітапхана жұмысын дамыту ісіндегі жемісті еңбегі үшін 2013 жылы Қостанай қалалық кәсіподақ ұйымының Алғыс хатымен марапатталған.



### **Ершова Евгения Ивановна –**

Кітапхана ісінің ардагері, білімі жоғары, 1956 жылы туған. Қостанай педагогикалық институтының түлегі. Кітапханалық еңбек өтілі 25 жыл. 1989 жылы Торғай ОӘҒК әдістеме-библиография бөлімінде қызмет жолын бастаған. 13 жыл библиограф, 2002-2016 жылдар аралығында әдебиеттерді толықтыру және өңдеу бөлімінің басшысы қызметін атқарды. Кітапхана ісін дамыту және жетілдірудегі еңбегі лайықты

бағаланып «Кітапхана ісінің ардагері» төсбелгісімен, облыстық, қалалық грамоталарымен марапатталған.



### **Ермағанбетова Айнагүл Маткеновна**

– Кітапхана ісінің ардагері, білімі жоғары, 1957 жылы Қарағанды облысы, Қарсақпай п. теміржолшылар отбасында дүниеге келген. Арқалық қаласындағы АрМПИ оқуға түсіп, математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шыққан. 1993-2011 жылдары Торғай облысы кезінде Облыстық жасөспірімдер кітапханасында библиограф, 2011-2015 жылдар аралығында Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында әдістеме-библиография бөлім меңгерушісі, қызметін атқарды.

Кітапхана жұмысын дамыту ісіндегі жемісті еңбегі үшін «Кітапхана ісінің ардагері» медалімен, Арқалық қаласының әкімінің грамотасымен марапатталды.



### **Нұрманова Алма Жақсылыққызы –**

Кітапхана ісінің ардагері, білімі жоғары, 1957 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданында дүниеге келген.

1975–1979 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының «Кітапханатану және библиография» факультетін бітірді. Кітапхана саласында 39 жыл қызмет атқарған. 1995-1997 ж. Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының аға-әдіскері, 1997-2011 жылдың наурыз айына дейін № 2 ОӘҒК-да халыққа қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі,

кітапханадағы еңбек ұжымының төрайымы болып істеді. 2011 жылдың наурыз айынан шілде айына дейін № 2 ОӘФК-ның кітапхана ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметін істеді. 2011- 2016 жылдары Қостанай облысы, Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы қызметін атқарды. Кітапхана жұмысын дамыту ісіндегі жемісті еңбегі үшін «Кітапхана ісінің үздігі», «Кітапхана ісінің ардагері» төсбелгілерімен, 2016 жылы «Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы» төсбелгісімен, облыстық, қалалық грамоталарымен марапатталған.



**Жакина Гүлшат Жуматаевна** – 1959 жылы туған, білімі жоғары. Қостанай облысы Амангелді ауданында дүниеге келген. 1976 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1980 жылы «Кітапханашы-библиограф» факультетін тамамдады. Кітапхана саласында 25 жыл еңбек етіп, 2017 жылдан Құрметті демалысқа шықты. Кітапхана жұмысын дамыту ісіндегі жемісті еңбегі үшін Арқалық қаласының әкімі грамотасымен марапатталды.



**Сығаева Зайра Сансызбаевна** – Кітапхана ісінің ардагері, білімі орта. Еңбек өтілі 30 жыл. 1986-1988 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы Мәдени ағарту училищесінің «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітірген. 2005-2018 жылдары Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында қызмет етті. Кітапхана жұмысын дамыту ісіндегі жемісті еңбегі үшін 2016 жылы Арқалық қаласының әкімі грамотасымен, 2017 жылы «Кітапхана ісінің ардагері» төсбелгісімен марапатталды.

### **Абаканова Назира Нұрсұлтанқызы**

Кітапхана ісінің үздігі, білімі жоғары. Ресейдің Челябинь облысы, Қорған



селосында 1961 жылы туған. Еңбек өтілі 31 жыл. 1981 жылы Челябинь облыстық мәдени-ағарту училищесінің кітапхана факультетін бітірген. 2000 жылдан облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында еңбек жолын бастады. 2011 жылы Челябинь Мемлекеттік мәдениет және өнер академиясының кітапханалық-ақпараттық қызмет факультетін тәмамдаған. 2011 жылдан абонемент бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Кітапхана саласындағы жемісті еңбегі үшін 2011 жылы Арқалық қаласының әкімі грамотасымен, облыс әкімінің грамотасымен (2018), облыстық № 2 әмбебап ғылыми

кітапханасының басшысының Алғыс хатымен, «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісімен (2019) марапатталған.

### **Әубәкірова Әлия Қарсақбайқызы**

1961 жылы 3 желтоқсанда Қостанай облысы, Амангелді ауданы Қарасу ауылында дүниеге келген. 1979 жылы Арқалық қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектепті бітірген. 1980-1982 жылдары Алматы қаласындағы «Полиграфия» училищесінде «офсеттік басылым» мамандығы бойынша білім алған. Училищені бітірген жолдамамен Алматы қаласындағы «Кітап» фабрикасының филиалы «Полиграф» комбинатында жұмыс істей жүріп, Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының «Кітапханатану және библиография» факультетінің сырттай бөліміне оқуға түседі.



1991 жылдан кітапхана саласында үздіксіз еңбек етіп келеді. Жалпы еңбек өтілі 40 жыл, кітапхана саласында 28 жыл. Әлия Қарсақбайқызы өз ісін жетік білетін тәжірибелі маман. Өнер секторының меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Арқалық қаласының әкімінің орынбасары Грамотасы (2005), Қостанай обл. Мәдениет департаментінің Грамотасы (2006), Арқалық қаласы әкімінің Құрмет Грамотасы (2009), ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Б.М. Сапарбаевтың Алғыс хаты (2015), «Желтоқсанның 30 жылдығы» естелік медалі (2016),

Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының Мадақтамалары мен Алғыс хаттары және Арқалық қаласы әкімінің Құрмет Грамоталары (2015, 2016). «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісі (2017,) Қостанай облыстық мәдениет

басқармасының Грамотасы (2018), 2019 жылы Қостанай облысы әкімі Құрмет Грамотасы.



### **Жанғалиева Роза Жылқыбаевна**

Жанғалиева Роза Жылқыбайқызы 22 қаңтар 1963 Ақмола облысы Державинск қаласында дүниеге келген. Қостанай мәдени-ағарту училищесі, Арқалық мемлекеттік педагогикалық училищесі институт - Тарих, экономика және құқық факультетінде оқыған. 1981-1983 Ж. Ж. Қпу - да, АрГПИ - де-2003-2007 ж. 1980 ж. - балалар кітапханасының кітапханашысы Державинская ОКЖ. 1995 ж. -

Облыстық жасөспірімдер кітапханасын жасақтау бөлімінің меңгерушісі. 1997 ж. - Торғай облысы жабылғаннан кейін, жасөспірімдер бөлімінде оқу залының меңгерушісі. 1999-2001 жж. бұрынғы Торғай облысының үш облыстық кітапханасы біріктірілгеннен кейін, №2 ОӘҒК жасөспірімдер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған.

2001ж. жалпы ғимаратқа көшу, Арқалық қ. №2 ОӘҒК кітап сақтау бөлімінің меңгерушісі. 2006 ж. - мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай мәдениет бөлімінің Алғыс хаты. 2008 ж. - адал жұмысы үшін және 8 наурыз Халықаралық күніне орай ([Бұй. №6 05.03.2008 ж.) мақтау қағазымен алғыс жарияланды.



### **Ермағанбет Сәуле Ғалымжанқызы**

Ермағанбет Сәуле Ғалымжанқызы- 1981 жылы Амангелді ортамектебін бітіргеннен кейін Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының фиолология факультетіне түсіп, 1986 жылы атаулы оқу орнының «Орыс тілі және әдебиет пәндері» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1986 жылы Амангелді ауданы, Н.К. Крупская атындағы орта мектебінде «Орыс тілі және әдебиет» пәнінің мұғалімі болып бастады. 2015 жылдың желтоқсанынан бастап Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап

ғылыми кітапханасының оқу бөліміне кітапханашы болып жұмысқа орналасты. 2016 жылы ақпан айында оқу бөлімінен әдістеме-библиография бөліміне «әдіскер-кеңесші» болып ауыстырылды. Кітапхана саласы бойынша көп жылдар бойы еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты.

Торғай облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен 1996 ж;  
Аманкелді аудандық білім бөлімінің Алғыс хатымен 2005; Қазтұтыну Одағы  
Арқалық экономика және құқық колледжінің Грамотасымен 2010;  
Алматы қаласындағы ҚР Қазтұтыну Одағы Басқармасының Құрмет  
грамотасымен 2011; Қазтұтыну Одағы Арқалық экономика және құқық  
колледжінің Грамотасымен 2012, Қазтұтыну Одағы Арқалық экономика және  
құқық колледжінің Грамотасымен 2013; Арқалық қаласы әкімінің  
Грамотасымен 2013; Қазтұтыну Одағы Арқалық көпсалалы колледжінің  
Грамотасымен 2015; Арқалық қаласы әкімінің «Грамотасы» 2013;  
Қала әкімінің "Құрмет грамотасы" 2022; ҚР қызметкерлерінің кәсіптік одағы  
«Құрмет грамотасы» 2025 ж.



### **Искакова Данаш Жумахановна**

Қостанай облысы, Амангелді ауданы  
Маятас ауылында 1964 жылдың 21 тамыз  
айында дүниеге келген. Арқалық мемлекеттік  
педагогикалық институтын «Русская язык и  
литература» мамандығы бойынша бітірген.  
2001 жылдан бастап Қостанай, Рудный,  
Арқалық № 2 облыстық әмбебап  
ғылыми кітапханасында қызмет атқарған.  
Кітапхана саласы бойынша көп жылдар бойы  
еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты.  
Рудный қалалық мәдениет бөлімінің  
басшысының Диплом 2002; Рудный қалалық  
мәдениет бөлімінің басшысының «Алғыс  
хаты» 2003; Рудный қаласы әкімдігінің «Қалалық тілдерді оқыту орталығы»  
КММ басшысының Диплом 2019;  
Рудный қаласының әкімінің «Алғыс хаты» 2019;  
Арқалық қаласы әкімінің «Құрмет грамотасы» 2025.

## **Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы туралы әдебиеттер:**

1. Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы [Мәтін] : // Тарих беттерін парақтай отырып... : анықтамалық құрал / Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст. К. Б. Борибаева ; ред.: А. Ж. Нұрманова]. – Арқалық, – 2016, – Б. 4–9
2. Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы [Мәтін] : // 2016 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбесі : библиогр. көрсеткіш / облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, әдістеме-библиографиялық бөлімі ; [құраст. : А. К. Ахметжанова, Г. К. Сейтқожина ; ред. А. К. Ахметжанова]. – Арқалық, – 2015, – Б. 6–8.
3. Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы [Мәтін] : // Тарих беттерін парақтай отырып... : библиогр. құрал / облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст. : К. Б. Борибаева, Ә. Қ. Ахметжанова ; ред. А. Ж. Нұрманова]. – Арқалық, – 2015, – Б. 4–9.
4. Областная универсальная научная библиотека № 2 [Текст] : // Это нашей истории строки : справ. пособие / областная универсальная научная библиотека № 2, методико-библиографический отдел ; [сост. К. Б. Борибаева ; ред. И. И. Шпехт]. – Арқалық, 2011. – С. 3–10.
5. Торғай облысының кітапханалары [Мәтін] : // Дәулетова, Н. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы / Н. Дәулетова, К. Нурахметова. – Алматы, – 1994. – Б. 17–18.

### **Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:**

6. Ауелов, А. Из храма мудрых мыслей [Текст] : [о фонде областной универсальной научной библиотеки] / А. Ауелов // Торғай. – 2002. – 28 июня. – Б. 4.
7. Байділдин, Шөптібай. Мұражай – ұлт байлығы, кітап – білім бұлағы [Мәтін] : Сол байлықты жоғалтып, білім бұлағын суалтып алмайық / Шөптібай Байділдин // Қостанай таңы. – 2019. – 12 сәуір. – Б. 11.
8. Быть в первой двадцатке – престижно! [Текст] : [нагрудным знаком Нац. библиотеки РК удостоились трое сотрудников ОУНБ № 2] // Арқалық хабары. – 2015. – 9 января. – С. 5.
9. Уткельбаева, С. Преданность избранному делу [Текст] : [о библиотекаре ОУНБ № 2 Ермаганбетовой А. М.] / С. Уткельбаева // Торғай. – 2015. – 13 февраля. – С. 5.
10. Фоменко, Любовь. Символ духовной незыблемости [Текст] : [областная универсальная научная библиотека отмечает свое тридцатилетие] / Любовь Фоменко // Торғай. – 2000. – 15 декабря. – С. 4.
11. Шпехт, И. Рухани нәр береміз [Мәтін] : [облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы туралы] / И. Шпехт // Қостанай таңы. – 2000. – 20 маусым. – Б. 3.

**Мерзімді басылымдарда жарияланған  
кітапханалық іс-шаралар:  
2020 жыл**

1. Абаканова, Н. Культурный досуг в онлайн режиме [Текст] : [мероприятия в онлайн режиме] / Н. Абаканова // ARQALYQ habary. – 2020. – 12 июня. – С. 2.
2. Абаканова, Назира. Кітап – білім бұлағы [Мәтін] : [абонемент бөліміне жанадан келіп түскен әдебиеттерге библиографиялық шолу] / Назира Абаканова // ARQALYQ habary. – 2020. – 29 мамыр. – Б. 4.
3. Алматова, Сәуле. Дархан халықтың дана Абайы [Мәтін] : [балалар әдебиеті бөлімінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткізілген мәнерлеп оқу сайысы туралы] / Сәуле Алматова // ARQALYQ habary. – 2020. – 17 сәуір. – Б. 4.
4. Алматова, Сәуле. Дархан халықтың дана Абайы [Мәтін] : [балалар әдебиеті бөлімінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткізілген мәнерлеп оқу сайысы туралы] / Сәуле Алматова // Қазақстан патриоты. – 2020. – № 2. – Б. 10.
5. Баяхметқызы, Ләззат. Шығыстың ғұлама ғалымы [Мәтін] : [оқу залы бөлімінде ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай өткізілген портреттік кеш жайында] / Ләззат Баяхметқызы // ARQALYQ habary. – 2020. – 10 сәуір. – Б. 3.
6. Ермағанбетова, Марал. Балалар әдебиетінің атасы [Мәтін] : [жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 95 жылдығына орай балалар әдебиеті бөлімінде өткізілген оқырман конференциясы туралы] / Марал Ермағанбетова // Зеленое яблоко. – 2020. – № 1. – Б. 3.
7. Жақия, Гүлназ. Онлайн режимдегі мәдени іс-шаралар [Мәтін] : [абонемент бөлімінде өткізілген іс-шаралар] / Гүлназ Жақия // ARQALYQ habary. – 2020. – 5 маусым. – Б. 6.
8. Жақия, Гүлназ. Ұлттық руханияттың күретамыры [Мәтін] : [абонемент бөлімінде жазушы Сәбит Досановтың 80 жасқа толуына орай өткізілген әдеби кеш жайында] / Гүлназ Жақия // ARQALYQ habary. – 2020. – 21 ақпан. – Б. 7.
9. Жүнісұлы, Мұрат. «Аталар сөзі – ақылдың көзі» [Мәтін] : [сазгер, күйші Кәки Ақанның 85 жасқа толуына орай өткізілген онлайн сұхбат] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 24 маусым. – Б. 8.
10. Жүнісұлы, Мұрат. «Даңқың дәуірлей берсін, Абай дана!» [Мәтін] : [өнер бөлімінде өткізілген Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған кітап көрмесінің тұсаукесері туралы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 19 ақпан. – Б. 6.
11. Жүнісұлы, Мұрат. «Мен жұқпалы аурулардан сақтана аламын!» [Мәтін] : [оқу залы бөлімі денсаулық сақтау күніне орай онлайн-кітап көрмесін ұсынды] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 7 сәуір. – Б. 3.
12. Жүнісұлы, Мұрат. «Рухани қазына» – қастерлі құндылық [Мәтін] : [«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 13 мамыр. – Б. 6–7.
13. Исабекова, Л. Оқырманмен онлайн қауышу [Мәтін] : [оқу залында өткізілген іс-шара] / Л. Исабекова // ARQALYQ habary. – 2020. 29 мамыр. – Б. 4.

14. Қарсақбайқызы, Әлия. «Даңқың дәуірлей берсін, Абай дана!» [Мәтін] : [өнер бөлімінде өткізілген Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған кітап көрмесінің тұсаукесері] / Әлия Қарсақбайқызы // ARQALYQ habary. – 2020. – 20 наурыз. – Б. 4.

15. Қасымбекқызы, Жұлдыз. Алғашқы оқырманымыз – Нұрислам [Мәтін] : [оқушы Нұрислам Ардақұлы] / Жұлдыз Қасымбекқызы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2020. – 31 қаңтар. – Б. 3.

## 2021

16. Абаканова, Н. Қазақстан: 30 жыл алға ұмтылыс [Мәтін] : [абонемент бөліміндегі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған жылдың тұрақты көрмесі жайлы] / Н. Абаканова // ARQALYQ habary. – 2021. – 7 мамыр. – Б. 5.

17. Абаканова, Н. Торғайдың бір асылы Серік Тұрғынбеков 75 жаста [Мәтін] : [поэзия кеші] / Н. Абаканова // ARQALYQ habary. – 2021. – 11 маусым. – Б. 4.

18. Абаканова, Назира. Библиотечный уик-энт в парке [Текст] : [о работе библиотеки в период карантина] / Назира Абаканова // ARQALYQ habary. – 2021. – 11 июня. – С. 5.

19. Абаканова, Назира. Жүрегімнің сыры сенсің, Арқалық! [Мәтін] : [Арқалық қаласының 65 жылдығына орай ұйымдастырылған кітап көрмесі жайлы] / Назира Абаканова // ARQALYQ habary. – 2021. – 24 қыркүйек. – Б. 4.

20. Әуезхан, Ернұр. Ақын, журналист Мұрат Жүнісұлы жайлы сыр [Мәтін] / Е. Әуезхан; [журналист Мұрат Жүнісұлы туралы] // ARQALYQ habary. – 2021. – 24 желтоқсан. – Б. 3.

21. Әуезхан, Ернұр. Арқаның Алатауы еді... [Мәтін] : (Орекен Алматыұлын еске алу) / Ернұр Әуезхан // ARQALYQ habary. – 2021. – 1 қазан. – Б. 8.

22. Әуезхан, Ернұр. Бір мекенде тоғысармыз түбінде [Мәтін] : [өлеңдер] / Е. Әуезхан // Мағжан. – 2021. – № 4. – Б. 130

23. Әуезхан, Ернұр. Достығы шалқыған шаңырақ астында [Мәтін] : [оқу залында бірлік күні мерекесіне арнап өткізілген іс-шара туралы] / Ернұр Әуезхан // ARQALYQ habary. – 2021. – 30 сәуір. – Б. 3.

24. Әуезхан, Ернұр. Кітапхана мәдени мұраның сақталуы мен жаңғыру алаңы [Мәтін] : [оқу залында ардагер кітапханашы Айнагүл Мәткенқызымен өткізілген кездесу] / Ернұр Әуезхан // ARQALYQ habary. – 2021. – 18 маусым. – Б. 4.

25. Әуезхан, Ернұр. Қос ағаш ; Алдамаңдаршы өтінем ; Тағы да түн ; Сәби күндерім [Мәтін] : [өлеңдер] / Ернұр Әуезхан // Қостанай таңы. – 2021. – 1 қазан. – Б. 8.

26. Байсабекқызы, Қазына. Тарихы терең, қазынасы мол – кітапхана [Мәтін] : (Арқалық қаласындағы облыстық кітапханасына – 50 жыл) / Қ. Байсабекқызы, Ә. Қабдуалиқызы // ARQALYQ habary. – 2021. – 28 мамыр. – Б. 4.

27. Бекетұлы, М. Жыл аяғы жемісті [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкерлері 2021 жылды қорытындылады] / М. Бекетұлы // Қостанай таңы. – 2021. – 31 желтоқсан. – Б. 20.

28. Бөрібаева, Қазына. Оқырманмен ғаламторда жүздесу [Мәтін] : [облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында өткізілген іс-шаралар] / Қазына Бөрібаева // Кітап. Кітапхана – 2021. – № 1. – Б. 37–39.
29. Виталий, Саяпин. Книга – это мир, книга – это человек [Текст] : [о мероприятии областной универсальной научной библиотеки № 2] / Виталий Саяпин // ARQALYQ habary. – 2021. – 24 сентабры. – С. 7.
30. Виталий, Саяпин. Каждой книге – своего читателя [Текст] : [о работе областной универсальной научной библиотеки № 2] / Виталий Саяпин // ARQALYQ habary. – 2021. – 3 сентабры. – С. 8.
